**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

# Өнеркәсіптік жарылғыш заттар Т-5, Т-10, Т-15 МАРКАЛЫ ГРАММОНИТТЕР Техникалық шарттар

# Вещества взрывчатые промышленные ГРАММОНИТЫ МАРОК Т-5, Т-10, Т-15 Технические условия

**ҚР СТ 2609-2015**

***Ресми басылым***

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)**

**Астана**

gost.e-ecolog.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Өнеркәсіптік жарылғыш заттар**

# Т-5, Т-10, Т-15 МАРКАЛЫ ГРАММОНИТТЕР

**Техникалық шарттар**

**ҚР СТ 2609-2015**

***Ресми басылым***

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**
**(Мемстандарт)**

**Астана**

## Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңының, Еуразиялық экономикалық комиссияның 2012 жылғы 20 шілдедегі №57 шешімімен қабылданған КО ТР 028/2012 «Жарылғыш заттардың және олардан жасалған бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурызда №277 қаулысымен бекітілген «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы №803 қаулысымен бекітілген «Өндірістік объектілерде сигнал түстеріне, белгілерге және қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы №16 қаулысымен бекітілген «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы №2118 қаулысымен бекітілген «Жарылғыш материалдар өндірісі процестерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы №682 қаулысымен бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасының, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы №316 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасының нормалары іске асырылған.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** **2022 жыл**
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** **5 жыл**

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

# Өнеркәсіптік жарылғыш заттар Т-5, Т-10, Т-15 МАРКАЛЫ ГРАММОНИТТЕР Техникалық шарттар

**Енгізілген күні 2017-01-01**

## 1 Қолданылу саласы

Осы стандарт потрондалмаған түрде шығарылатын және температуралық ауқымы минус 50 °С 50 °С дейінгі сульфидті кеннен басқа құрғақ және құрғатылған (ақпа сусыз) орташа 110 мм кем емес диаметрімен ұңғыманы және қатты топырақтарда, қолмен оқтау кезіндегі өнеркәсіптік жарылыс жұмыстары үшін арналған II топтағы өндірістік жарылғыш заттар - Т-5, Т-10, Т-15 маркалы граммониттерге (әрі қарай-граммониттер) қолданылады.

Ескертпе- осы стандартта ГОСТ 26184 бойынша терминдер қолданылады.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналды белгілеу. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174-2003 Нысандарды қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.1.018-93 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Статикалық электрдің өрттік жарылу қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.3.002-2014 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік процесстер. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істеушілерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар

ГОСТ 17.2.3.02-2014 Өндірістік кәсіпорындарда зиянды заттарды шығару шегін белгілеу ережесі.

ГОСТ 2-2013 Аммиакты селитра. Техникалық шарттар

ГОСТ 305-2013 Дизельдік отын. Техникалық шарттар

ГОСТ 2226-2013 Қағаздан және құрамдастырылған материалдардан жасалған қаптар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 4117-78 Өндірістік жарылғыш заттар үшін тротил. Техникалық шарттар

ГОСТ 6309-93 Мақтадан жасалған және синтетикалық тігін жібі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтиленді пленка. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау

ГОСТ 14702-79 Суға тұрақты аммиакты селитра. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14839.0-91 Өндірістік жарылғыш заттар. Сынамаларды қабылдау және іріктеу

ГОСТ 14839.1-69 Өндірістік жарылғыш заттар. Тротил, минералды майлар және нитроэфирлер көлемдік үлесін анықтау әдісі.

ГОСТ 14839.3-69 Өндірістік жарылғыш заттар. Аммиакты селитра көлемдік үлесін анықтау әдісі.

ГОСТ 14839.12-69 Өндірістік жарылғыш заттар. Ылғалдың құрамын анықтау әдісі

ГОСТ 14839.18-2013 Өндірістік жарылғыш заттар. Тығыздығын анықтау әдісі

ГОСТ 14839.19-69 Өндірістік жарылғыш заттар. Детонация тығыздығын анықтау әдісі

ГОСТ 14839.20-77 Өндірістік жарылғыш заттар. Қаптау, таңбалау, тасымалдау және сақтау

ГОСТ 14961-91 Кендір талшығы және химиялық талшықтардан кендір. Тахникалық шарттар

ГОСТ 17308-88 Баулар. Техникалық шарттар

ГОСТ 19433.1-2010 Қауіпті жүктер. Жіктеу

ГОСТ 19433.3-2010 Қауіпті жүктер. Таңбалау

ГОСТ 20799-88 Индустриялық май. Техникалық шарттар

ГОСТ 21046-86 Пайдаланылған мұнай өнімдері. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 21988-76 Өндірістік жарылғыш заттар. Граммониттар. Техникалық шарттар

ГОСТ 22477-77 Жабық вагондарда көлік пакеттерін бекіту құралдары. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 26184-84 Өндірістік жарылғыш заттар. Терминдер және анықтамалар

ГОСТ 26653-90 Негізгі жүктерді тасымалдауға дайындау. Жалпы талаптар

ГОСТ 29329-92 Статикалық өлшеуге арналған таразы. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 32162-2013 Өндірістік жарылғыш заттар. Жіктеу

ГОСТ 32552-2013 Полипропиленді маталы қапшықтар. Жалпы техникалық шарттар

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде жыл сайын шығарылатын ағымдағы жылдағы жағдайға «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» және ағымдағы жылы жарияланған, ай сайын шығарылатын ақпараттық сілтемелерге сәйкес келетін ақпараттық көрсеткіш бойынша сілтемелік стандарттардың қолданысын тексерген дұрыс болады. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте пайдаланылады.

## 3 Техникалық талаптар

### 3.1 Жалпы техникалық талаптар

3.1.1 Граммониттер осы стандарт талаптарына сәйкес келуге және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық құжаттама бойынша дайындалуға тиіс.

3.1.2 1-кестеде белгіленген құрауыштардың көлемдік үлесіне байланысты граммониттер - Т-5, Т-10 және Т-15 үш маркасын шығарады.

**1 кесте – Құрауыштардың көлемдік үлесі**

| Құрауыштардың атауы | Марка үшін мөлшері, % | | |
|---|---|---|---|
| | Т-5 | Т-10 | Т-15 |
| Аммиакты селитра | 92±1 | 87±1 | 82±1,5 |
| Қабыршықталған тротил | 5±0,5 | 10±1,5 | 15±1,5 |
| Пайдаланылған мұнай өнімдері, Л, З немесе А маркалы дизельді отын, индустриялық май. | 3±1,0 | | |

3.1.3 Техникалық құжаттамаларда және тапсырыс кезінде граммониттердің белгілеу шарттары стандарттау нысанының атауынан, граммониттің маркасынан және осы стандарттың белгілерінен тұруы қажет.

***Мысалы Граммониттің Т-5 маркасының шартты белгісі:***
***ҚР СТ 2609-2015 бойынша Граммонит Т-5***

### 3.2 Негізгі көрсеткіштер және сипаттамалар

Граммониттердің физикалық-химиялық және жарылғыштық көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген ережелерге сәйкес келуі қажет.

**2 кестесі - Физикалық-химиялық және жарылғыштық сипаттамалары**

| Көрсеткіштердің атауы | Граммониттің маркасы үшін мөлшері | | |
|---|---|---|---|
| | Т-5 | Т-10 | Т-15 |
| 1. Сыртқы түрі | Сұйық мұнай өнімдерімен сіңген түрдегі сусыма қоспа (дизельді отын немесе мұнай сығындысы, пайдаланылған мұнай өнімі) түйір аммиакты селитралар және қара түсті дақтармен ашық сары түстен жасыл түске дейінгі қабыршықталған тротил | | |
| 2. Ылғал және ұшпа заттардың көлемдік үлесі, %, көп емес | 1,0 | | |
| 3. Үйілген тығыздығы, г/см$^3$ | 0,85-0,95 | | |
| 4. Жарылыстың жылулығы, кДж/кг (ккал/кг) | 3872 (924) | 3968 (947) | 4037 (963) |
| 5. Оттекті теңгерім, % | -0,12 | -0,42 | -1,45 |
| 6. Ашық қуаттандыру детонациясының жылдамдығы, м/с | 2700-3100 | 2800-3200 | 2900-3300 |
| 7. Газ тәрізді жарылыс өнімдерінің көлемі, л/кг | 955 | 938 | 926 |
| 8. Ашық қуаттандыру детонациясының сынау диаметрі, мм | 100-110 | 90-110 | 80-100 |
| 9. Соққыға сезімталдығы:<br>2 аспаптағы төменгі шегі, мм, кем емес<br>1 аспаптағы жарылу жиілілігі, % | 100<br>4-16 | | |
| 10. К-44-III аспабындағы қажалу сезімталдығы:<br>төменгі шегі, Мпа (кгс/см$^2$) | 290 (2900) | | |

### 3.3 Шикізат және материалдарға қойылатын талаптар

Граммониттер дайындау үшін келесі шикізат және материалдар қолданылады:

- ГОСТ 2 бойынша А немесе Б маркалары немесе ГОСТ 14702 бойынша ЖВГ маркалары аммиакты селитры;
- ГОСТ 4117 бойынша өндірістік жарылғыш заттар үшін тротил;
- ГОСТ 21046 бойынша пайдаланылған мұнай өнімдері, ГОСТ 305 бойынша дизельдік отын немесе ГОСТ 20799 бойынша индустриялық май.

### 3.4 Таңбалау

3.4.1 Граммониттерді таңбалау [1], [2] талаптарына және осы стандартқа сәйкес келуі қажет.

3.4.2 ГОСТ 14839.20 сәйкес әр қапшыққа таңбалау жағылады, мазмұны:

- тең қабырғалы үшбұрышты жүктің шартты нөмірі - 103;
- ГОСТ 19433.3 бойынша қауіпті жүк белгісі - 1.1 D және БҰҰ нөмірі-0082.

Бұдан басқа, мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажетті жағдайларда тапсырыс берушінің тілінде таңбалауда келесі мазмұндағы ақпараттар болуы қажет:

- дайындаушының тауарлық белгісі (болған жағдайда);
-дайындаушының атауы және оның заңды мекенжайы;
- «Қазақстан Республикасында жасалған» жазуы;
- механикалық беріктігі бойынша тасымалдау ыдысының сәйкестік белгісі;
- таңбалау бойынша ақпарат (таңбаланушы зат және (немесе) микротасушы);
- граммониттің таңбасы;
- топтама нөмірі;
- орынның нөмірі:
- килограммдағы таза салмағы;
- дайындалған күні (айы және жылы);
- аймен кепілдік сақтау мерзімі;
- II топтағы граммониттердің белгілеу топтары- «Газ және шаңдар бойынша қауіпсіз ашық жұмыстар үшін және кен және шахта үшін»;
- ГОСТ 32162 қарастырылған 15 мм кем емес жалпақтықтағы жолақтардың айырмашылық түстері;
- манипуляциялық таңба, ГОСТ 14192 бойынша «ылғалдан сақтаңыз» тиісті жазуы және «Лақтырмаңыз» ескерту жазуы;
- осы стандарттың белгіленуі;
- өнімнің [2] талаптарына сәйкестігін растау туралы ақпарат.

Қағаз, картон және басқа да құлақша таңбаларды жағуға рұқсат етіледі. Таңбалық құлақшалардың көлемі 130 $см^2$ кем емес болуы қажет. Таңбалау құлақшаларының көлемін кез келген қажетті көлемге дейін үлкейтуге рұқсат етіледі. Құлақшаларды қапшыққа желіммен, баумен, машина немесе қолмен тігу немесе басқа тәсілдермен және таңбаның сақталуын қамтамасыз ететін материалдармен бекітеді.

Ескертпе – Граммониттер 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап оларға микротасушы немесе таңбалау заттарын енгізу жолымен таңбалануы қажет.

### 3.5 Қаптама

3.5.1 Граммониттер қаптамасы [1], [2] талаптарына және осы стандартқа сәйкес келуі қажет.

3.5.2 Граммониттер қаптамасын ішкі полиэтиленді астар қапшықпен ГОСТ 32552 бойынша тығыз полипропиленді қапшықтармен немесе ішкі полиэтиленді астар қапшықпен ГОСТ 2226 бес-алты қабатты битумдалған қағаз қапшықтармен ГОСТ 14839.20 бойынша шығарылады. Басқа қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамалар бойынша дайындалған қаптарда граммониттер қаптамасына рұқсат етіледі.

3.5.3 Полиэтиленді астар қапты 0,10 мм кем емес шартты қалыңдығымен ГОСТ 10354 бойынша Т, М немесе Н таңбалы жеңдік полиэтиленді пленкадан дайындалады.

3.5.4 Полиэтиленді астар қап олардың бүтіндігін бұзатын тесік немесе басқа да зақымдары болмауы қажет, ал қаптардың тігісі тұтас болуы және күйген орыны және бүктелген болмауы қажет.

3.5.5 Граммониттер қапталатын қаптар ауызын бітеу тәртібі 1 немесе 2-суретке сәйкес болуы қажет.




а) б) в)

1 - полиэтиленді астар қап; 2 – бау немесе жапсыру таспа «скотч»; 3 - полипропиленді қап; 4 - бау; 5 – машиналық тігіс.

Ескертпе – Жабу кезінде :

- Полиэтиленді астар қаптың ауызын «айдарлы» жинайды, тығыздап баумен немесе жапсыру лентамен «скотч» байлауйды (1 а) суретін қараңыз);
- «айдалы» болған буылғанды 180° қисайтып қайта баумен байлайды (1 б) суретін қараңыз);
- сыртқы полипропиленді қапшықтың ауызын жеке машиналық жіппен тігеді (1 в) суретін қараңыз).

**1-сурет - Полиэтиленді астар қаптың және сыртқы полипропиленді қаптың ауызын жабу тәртібі**




а) б) в)

1 – полиэтиленді астарлы қап; 2 –қағаз қап; 3 – машиналық тігіс; 4 - бау.

Ескертпе –Жабу кезінде:

- полиэтиленді астарлы қаптың ауызын ішін конверт етіп бүктейді (2 а) суретін қараңыз). Қосымша беріктікті қамтамасыз ету үшін полиэтиленді астарлы қаптың ауызын «айдарлы» жинап және баумен немесе жапсыру лентамен «скотч» мықтап байлауға рұқсат етіледі. (1 а) суретін қараңыз);
- сыртқы қағаз қаптың ауызын алдын ала бір ішкі қабатын конверт етіп ішіне бүктеп бір қабат машинамен тігеді (2 б) суретін қараңыз);
- сыртқы қаптың ауызын алдын ала бір ішкі қабатын конверт етіп ішіне бүктеп «айдарлы» жинап және мықтап байлайлайды (2 в) суретін қараңыз).

**2 сурет- Полиэтиленді астарлы қаптың және сыртқы қағаз қаптардың ауызын жабу тәртібі**

3.5.6 Ауызын байлау үшін қабықтан жасалған талшықты бауларды немесе ГОСТ 17308 бойынша арматураланған химиялық жіппен қабықтан жасалған талшықты бауларды падаланады. Басқа нормативтік – техникалық құжаттамалар және қабықтан жасалған талшықты баулардан және арматураланған химиялық, оның ішінде полипропиленді жіптерден механикалық беріктігі кем емес бауларды пайдалануға рұқсат етіледі.

3.5.7 Қаптарды тігу үшін ГОСТ 6309 бойынша мақтадан жасалған жіптерді, ГОСТ 14961 бойынша кендір жіптерді, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамалар бойынша дайындалған мақтадан иірілген немесе сентитикалық жіптерді пайдаланады.

3.5.8 Қаптардың ауызын тігу және байлау үшін пайдаланылатын жіптер, иірімдер және баулардың механикалық беріктігі, сондай-ақ қаптардың ауызын дайлау және тігу сапасы тасымалдау кезінде ауызы арқылы граммониттің шашылуын болдырмауы қажет.

3.5.9 Қаптардың ауызын машинамен тігу кезінде келесі талаптар орындалуы қажет:

- қаптың ауызының жиегінен тігіске дейінгі қашықтық 30 мм кем болмауы қажет;
- қабылу саны (жиілігі) тігістің 10 см 10-17 болуы қажет;
- тігістің шеті 70 мм-ден 80 мм дейін ұзындықта өрілген жіп қалдырылуы қажет.

3.5.10 Қаптағы граммониттердің шартты таза салмағы 40 кг, ал машинамен тіккенде 42 кг болуы қажет. Шартты салмағынан рұқсат етілген ауытқу ±0,3 кг.

## 4 Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары

4.1 Граммониттерді өндіру, сақтау, тасымалдау, қолдану және жою процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен, нормативтік құқықтық актілермен, санитарлық ережелермен және басқа қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттармен, соынмен қатар осы тандартпен белгіленген қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтаған жөн.

4.2 Граммониттерді өндіру кезінде ГОСТ 12.3.002 және [3] белгіленген қауіпсіздік талаптары сақталуы қажет.

4.3 Граммониттер жарылғыш- және өрттік қауіпті заттар болып табылады (2-кестедегі 9 және 10 көрсеткіштерді қараңыз).

4.4 Граммониттердің шаңды түрдегі жағдайы улы. Улағыштығы олардың құрамына кіретін құрауыштардың улағыштарымен туындалған.

Аммиакты селитра және сұйық мұнай өнімдері тері және шырышты қабықтармен байланысу кезінде тітіркендіргіш әрекет көрсетеді.

Тротил бауыр (гепатит) ауыруын тудырады, кәсіби катаракта адам ағзасына зақымдалмаған тері арқылы түсуге қабілетті.

Граммониттер қапталған материалдар қоршаған ортаға улы заттарды шығармайды және тікелей байланысу кезінде адам ағзасына әсер етпейді. Олармен жұмыс істеу кезінде ерекше қауіпсіздік шараларын қажет етпейді.

4.5 Жұмыс аймақтың ауасындағы тротилдің шоғырлануы рұқсат етілген шегі - 0,5 мг/м$^3$ (ең жоғары бір рет) және 0,1 мг/м$^3$ (орта айлық), аммиакты селитра -10 мг/м$^3$, көмірсутек буы -300 мг/м$^3$, майлы тұман-5 мг/м$^3$.

Адам ағзасына зиянды әсер ету дәрежесі бойынша тротил екінші дережелі қауіптілікке жатады (жоғары қауіпті зат), аммиакты селитра және индустриялық май ГОСТ 12.1.007 бойынша етөртінші дәрежелі қауіптілікке жатады (аз қауіпті зат).

4.6 Жұмыс аймағындағы ауадағы зиянды заттардың құрамын қадағалау белгіленген тәртіппен бекітілген әдістеме бойынша аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз лаьораториясымен жүзеге асырылады.

4,7 Граммониттерді өндіру кезінде ГОСТ 12.4.011 бойынша тері бетіне, шырышты қабыққа, тыныс алу және ас қорыту мүшелеріне шаңның түсуінен жеке қорғау құралдарын қолдану, сондай-ақ жеке гигиена шараларын сақтау қажет.

4.8 Белгіленген тәртіппен бекітілген санитарлық қағидалар және ережелер талаптарына сәйкес барлық жұмыс істейтіндерді қамтамасыз етуі қажет:

- инженерлік жүйелер тартылған санитарлық-тұрмыстық бөлмелер;
- арнайы және емдеу-алдын алу тамақтандыру (сүтпен);
- медициналық қызмет көрсету.

Талаптарды қатаң сақтау қажет:

- өндірістік және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге;
- өндірістік қадағалауды қамтамасыз етуге.

4.9 Жұмыс жүргізілетін бөлмеде ГОСТ 12.4.021 сәйкес келетін ағындық-ауа тартқыш желдеткіштер болуы қажет.

4.10 Граммониттерді дайындау кезінде статикалық электрден қорғау құралдары және шаралары ГОСТ 12.1.018 сәйкес болуы қажет.

4.11 Өндірістік жабдықтарсигналды түстерге боялған болуы және ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 және [4] талаптарына сәйкес қауіпсіздік белгілерімен жабдықталған болуы қажет.

4.12 Өндірістік бөлме ҚР СТ 1174 және [5] талаптарына сәйкес өрт сөндіру құралдарымен және өрт сөндіру мүліктерімен қамтамасыз етілуі қажет. Граммониттер тұтанған кезде өрт ошақтарын сөндіру үшін су, көпірік және көмірқышқыл шашатын өрт сөндіргіштерді қолдану керек. Құм және киізді пайдалануға тыйым салынады.

4.13 Өрттің алдын алу және өртке қарсы қорғаныс жүйелері талаптары, сондай-ақ өндіріс және қалдықтарды сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру-техникалық шаралар ГОСТ 12.1.004 және [6] сәйкес келуі қажет.

4.14 Бүлінген граммониттерді жою, сондай-ақ оларды өндіруден қалған қалдықтар техникалық регламенттерге және [7] сәйкес жару немесе жағу арқылы өндіру керек.

4.15 Граммониттерді жүктеу-түсіру жұмыстары, тасымалдау, сақтау және қолдану кезінде қолданыстағы қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерінде, [8], [9], [2], және [7] талаптарына сәйкес дайындалған «Граммониттерді қолдану бойынша басшылық» қарастырылған қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, абайлау қажет.

4.16 Граммониттер ГОСТ 19433.1 және [7] сәйкес олармен қолдану кезінде (сақтау, тасымалдау және көшіру) қауіптілік дәрежесі бойынша 1 дәрежеге, 1.1 дәреже астына, D үйлесімділігіне жатады.

4.17 Ауаға шекті рұқсат етілген шығарулардың (ШРШ) сақталуын қадағалау ГОСТ 17.2.3.02 және белгіленген тәртіптермен бекітілген басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттамаларға сәйкес жүргізілуі қажет.

## 5 Қабылдау ережесі

5.1 Граммониттерді тобымен қабылдайды. Топтамалар бір маркалы граммониттерден тұруы қажет. Бір реттік өзінің сапалық көрсеткіштерімен 5 кем емес және 60 т артық емес грамониттер көлемі топтама деп есептеледі. Граммониттердің әр тобына мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажеттілік жағдайда тапсырыс берушінің тілінде (А қосымшасын қараңыз) төлқұжат рәсімделеді.

5.2 Осы стандарттың талаптарына граммониттер сапасының сәйкестігін тексеру үшін келесі сынақ түрлерін жүргізеді:

- дайындаушыда- қабылдау-тапсыру;
- тұтынушыда – кіргізу қадағалау кезінде сынақ.

5.3 Өнімнің берлігіне (орынына) бір қапшықты қабылдайды. Сұрыптау орнына кездейсоқ іріктеу әдісімен іріктеледі. Сұрыптау көлемі топтамадан - 3 %, бірақ екі орыннан кем емес.

5.4 Сыртқы түрін және қапталуының және таңбалануының дұрыстығын көзбен шолып қадағалағаннан кейін әр орынның ашылуы кезінде сынамаларды іріктейді. Сұрыптауға іліккен әр орыннан топтамалардың бірлескен сынамаларын құрау үшін қажетті көлемде нүктелі сынамалары іріктеледі.

5.5 Салмақтағы 200 г кем емес граммониттердің зертханалық сынамалық қабылдау-тапсыру сынағын өткізу үшін құрауыштар құрамы, ылғалдық мөлшер салмағы және ұшпа заттарды анықтау үшін араларын бөлу әдісімен бірлескен сынамалардан іріктеледі. Сонымен бірге сынамалар салмағы сынақ жүргізу үшін қажетті граммониттер бастырмаларының салмағы соммасынан 1,5-3 есе көп өкілдік болуы қажет.

Сынақ үшін аспаптар ГОСТ 14839.0 бойынша іріктейді.

5.6 Қабылдау-тапсыру сынақтары кезінде қадағалайды:

- қапталған граммониттер салмағы;
- аммиякты селитра, тротила және майдың салмақ үлесі;
- ылғалдың және ұшпа заттардың салмақ үлесі;
- үйме тығыздығы.

5.7 Қоймаға түсу кезінде кіргізу қадағалау кезіндегі сынақты тұтынушы келесі көрсеткіштер бойынша жүргізеді:

- сыртқы түрі және қапталу және таңбалану дұрыстығы;
- ылғалдың және ұшпа заттардың салмақ үлесі;
- детонация тығыздығы;
- үгітілгіштігі.

Әр топтамадан 4 орын- кіргізу қадағалауы кезіндегі сынақ үшін іріктеу көлемі.

5.8 Дайын өнімнің әрбір тобын оның сапасын куәландыратын төлқұжатпен және тапсырыс кезінде тұтынушымен келісілген «Граммониттерді қолдану бойынша нұсқаулық» санмен бірақ 5 данадан кем емес тіркеліп жіберіледі.

## 6 Сынақ әдістері

6.1 Сыртқы түрі, қаптаманың дұрыстығы және бүтіндігі, сондай-ақ таңбаланудың дұрыстығы көзбен шолып тексеріледі.

6.2 Қапталған граммониттер салмағын қателесуі 300 г артық емес ГОСТ 29329 бойынша статикалық өлшеу үшін платформалық таразыларда анықтайды.

6.3 Аммиякты селитраның үлес салмағын ГОСТ 14839.3 бойынша анықтайды.

6.4 Тротила және майдың үлес салмағын ГОСТ 14839.1 бойынша анықтайды.

6.5 Ылғал және ұшпа заттардың үлес салмағын ГОСТ 14839.12 бойынша анықтайды.

6.6 Болат тыста детонация тығыздығын анықтау - ГОСТ 14839.19 бойынша Б әдісі.

6.7 Қағаз тыста детонация тығыздығын анықтау - ГОСТ 14839.19 бойынша А әдісі.

6.8 Үйме тығыздығын ГОСТ 14839.18 бойынша анықтайды.

6.9 Үгітілгіштігін ГОСТ 21988 бойынша анықтайды.

## 7 Тасымалдау және сақтау

7.1 Тиісті көлік түрімен 1-топтағы қауіпті жүктерді қолданыстағы тасымалдау ережелеріне сәйкес кез келген көлік түрімен ГОСТ 14839.20 бойынша граммониттерді тасымалдау және сақтау.

7.2 Тасымалдауға дайындық- ГОСТ 26653 бойынша.

7.3 Граммониттерді тасымалдау үшін жабық темір жол вагондарын пайдаланады. Темір жолмен жіберу түрі-вагондармен. Көлік құралдарының жүктемесі қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескерумен техникалық ережелерге сәйкес олардың жүк көтергіштігін тиімді пайдалануға дейін жүргізілуі қажет. Темір жол вагондарындағы бекіту құралдары - ГОСТ 22477 бойынша.

Темір жол көлік құралына [8] талаптарына сәйкес жүктің тасымалдау қауіптілігін сипаттайтын таңбалар жағылады:

- қауіптілік белгісі - 1.1 D;
- жүктің шартты нөмірі - 103;
- апаттық карточка нөмірі - 114.

7.4 Граммониттерді тасымалдау үшін қолданылатын көліктік тасымалдау құралына жүкті тасымалдау қауіптілігін және ондағы затты сипаттайтын ақпараттық кесте бекітілуі қажет:

- қауіптілік белгісі - 1.1 D;
- БҰҰ нөмірі - 0082;
- шұғыл шаралар коды - 24Э.

Қауіптілік туралы ақпараттық жүйесінің апаттық карточкасы [9] талаптарына сәйкес келуі қажет.

7.5 Граммониттерді [7] және [3] сәйкес жабық құрғақ және таза қоймалық бөлмеде сақтайды.

7.6 Тасымалдау және сақтау ережелерін сақтау кезінде кепілдендірілген сақтау мерзімі бойы үгітілгіштігін сақтауы қажет.

## 8 Қолдану бойынша нұсқаулықтар

8.1 Граммониттің зарядтары тура және кері бастамашылық етуіне жол беріледі.

8.2 Ашық тау-кен жұмыстарында граммониттің ұңғымалық зарядтары бастамашылық етуі Т-400Г (мөлшері 2 дана), ТГФ-850Э, диаметрі 90 мм (салмағы 1 кг) полиэтиленді қабықпен 6ЖВ аммонийден жасалған патрондар немесе тізбектелгендерден төмен емес бастамашылық ететін басқа да жарылыс құралдары (800 г кем емес баламалы тротиламен) шашка-детонаторлар ретінде қолдануға жол берілетін аралық детонатор көмегімен жүзеге асырылады.

8.3 Граммониттерді [2] талаптарына сәйкес дайындалған «Граммониттерді қолдану бойынша нұсқаулық» сәйкес қолдану керек.

## 9 Дайындаушының кепілдігі

9.1 Дайындаушы тұтынушымен қолдану, тасымалдау және сақтау шарттарын сақталынған жағдайда осы стандарттың талаптарына граммониттердің сәйкестігіне кепілдік береді.

9.2 Граммониттердің кепілдендірілген сақтау мерзімі- дайындалған күнінен бастап 12 ай. Дайындаушының қоймасында сақтаулы граммониттердің кепілдендірілген сақтау мерзімі өткеннен кейін тұтынушымен келісім бойынша олардың осы стандарттың талаптарына сәйкес келуі шартымен ашық жару жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану үшін жекелеген топтамаларын іріктеп және тұтынушыға жүктеп тиеп қоюға жол беріледі.

9.3 Граммониттердің кепілдендірілген сақтау мерзімі өткеннен кейін ашық жару жұмыстары үшін оларды пайдаланар алдында кіру қадағалау көлемінде сынақ жүргізу қажет.

Қадағалау кепілдік сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін бір жылдан артық емес әр үш ай бойы жүзеге асырылады.

**А қосымша**
*(ақпараттық)*

**Паспорт нысаны**

Дайындаушының
тауарлық белгісі

**САПА ПАСПОРТЫ № __**

**№ _____ топтамасына**

_____
өнімнің атауы және шартты белгілері

**ҚР СТ ____-201_ бойынша «Граммониттер Т-5, Т-10, Т-15. Техникалық шарттар»**

**Дайындаушының атауы және заңды мекенжайы:**_____

**Топтаманың салмағы** _____ кг

**Топтамадағы орынның мөлшері** _____

**Бір орынның салмағы** _____ кг

**Қабылдау-тапсыру сынағының нәтижесі**

| № р/с | Көрсеткіштердің атауы | Мөлшері | Талдау нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Аммиакты селитраның үлес салмағы, % | | |
| 2 | Тротиланың үлес салмағы, % | | |
| 3 | Мұнай өнімдерінің үлес салмағы, % | | |
| 4 | Ылғал және ұшпа заттардың үлес салмағы, %, артық емес | | |
| 5 | Үймелі тығыздығы, г/см$^3$ | | |

_____ **қабылдау туралы куәлік**
ҚР СТ 2609-2015 талаптарына сәйкес келеді және және пайдалану үшін жарамды деп танылды.

**Дайындаушының кепілі**_____

қолдары

Зертхана басшысы
Техникалық қадағалау
қызметтің басшысы
Дайындаушының жетекшісі

М. О. «__» _____ 20___ ж.

## Библиография

[1] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[2] Евразиялық экономикалық комиссиясының 2012 жылғы 20 шілдедегі № 57 шешімімен қабылданған «Жарылғыш заттар және олардың негізінде жасалған бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 028/2012 Кеден одағының техникалық регламенті.

[3] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2118 қаулысымен бекітілген «Жарылғыш материалдарды өндіру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[4] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 803 қаулысымен бекітілген «Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, белгілеулерге және қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[5] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілген «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[6] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

[7] Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен бекітілген Жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.

[8] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысымен бекітілген Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасы.

[9] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары.

**ӘОЖ 622.2:006.354** **МСЖ 71.100.30** **ЭҚТӨЖ 20.51.11**

**Түйін сөздер**: граммониттер, марка, құрауыш құрамы, физикалық-химиялық және жарылғыштық көрсеткіштер, қаптама, қабылдау ережесі, сынау әдістері.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

# Вещества взрывчатые промышленные

# ГРАММОНИТЫ МАРОК Т-5, Т-10, Т-15

## Технические условия

**СТ РК 2609-2015**

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан**
**(Госстандарт)**

**Астана**

## Предисловие

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 24.11.2015 года № 236-од.

